

Ақын мұрасы ұлықталды

Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайында халық ақыны Жұмабай Шалабайұлына арналған «Киелі сездің ат байлары» атты мұражай сағаты өткізілді.

Мұражай сағатына ақынның аталаст тысы Торғайбай Ұәлиулы қатысып, Жұмабай ақын жайлы деректерімен бөлісіп, алдағы уақытта Арқалық қаласында «Ақындар алеясы» ашылып, Ұақ Жұмабай ақынның мүсіні орнатылатынын жеткізді. Мұражай сағаты барысында ақынның өміріне қастыты тың деректер айтылып, шығармалары талданды.

Атальыш іс-шара №2 облыстық ғылыми-әмбебап кітапханада жалғасын тауып, ақын мұрасының жоқтаушысы болып жүрген Торғайбай Ұәлиулы мен бірге Торғай ақындық мектебін зерттеу нысаны еткен Ф.Е.К Айбек Қиікбайұлы сез алғып, Жұмабай Шалабайұлының шығармашылығының ерекшеліктері туралы айттылды.

Ұақ Жұмабай Шалабайұлы Торғай облысы, Жангелдин ауданына қарасты Тосын болысының № 5 ауылында 1838 жылы дүниеге келген. Ақын шығармаларынан осы күнге жеткені Нұрғалимен, Нұржан Наушабаевпен айттысы, көлемді шығармаларынан «Абылай-Ке-



несары» жырының үзіндісі мен «Табын мен Дүзей соғысы» атты толғауы және бірнеше толғау, термелері. Ел арасында «Өлеңші ата көрініп бата берген» деп аныз болған Жұмабай ақын езіндік дәстүр ерекшелігін қалыптастырған Торғай ақындық мектебінің үстаздарының бірі болған тұлға. Жұмабай ақын шығармашылығы Ахмет, Міржакып секілді алаш арыстарының көзқарасының қалыптасуына ықпал жасаганы туралы деректер де кездеседі. Ақын мұрасы жайлы алғаш Н. Бектемісовтің «Ахмет ұшқан алтын үя» кітабында айттылып,

кейін С.Оспанов, Б.Әлмағамбет, С.Кенжеахметов А.Қалиев секілді ғалымдар мен жергілікті өлкетанушылар жазды.

Келер күндері қаламызда Ахмет ескен ақындық ортасын алтын қазығы болған Ұақ Жұмабай Шалабай ұлының мүсіні орнатылмақ. Мұражай мен кітапхана төріндеболған іс-шаралар легі осы мүсіннің ашылуы алдында, ақын мұрасын елге насиҳаттауға арналып отыр.

Батырлан САҒЫНТАЕВ,
Облыстық «Дала
өлкесі тарихы»
мұражайының ғылыми
қызметкери